

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК  
УНИВЕРСИТЕТІ

# Презентация


Тақырыбы: Халықаралық жеке құқықтың қайнар көздері

Орындаған: Абжаппарқызы  
Т  
Тобы: ЮМ-!4-1к4  
Қабылдаған: Қонысбаева Х

## Халықаралық жеке құқықтың қайнар көздері.

- Халықаралық жеке құқықтың қайнар көзінің түсінігіне өзара байланысты екі элементтер кіреді.
  - Біріншіден нормаларға заңи міндеттілік сипатын беру яғни мемлекеттік ерікті білдіру жолы,
  - Екіншіден нормалардың сыртқы нысанының сипаты әр түрлі жүйелерінің қайнар көздерінің ерекшілігі құқықтық реттеудің объектілерінің ерекшелгімен анықталады.
- 
- Құқықтың қайнар көзі дегеніміз құқықтық нормалары мазмұндалатын ресми нысан Құқықтың қайнар көзі ол нақты заңи істі шешу үшін, құқықтық норманы анықтауға мүмкіндік береді.

# Халықаралық жеке құқықта қайнар көздің 5 түрі бар:



# Халықаралық келісім шарттар

Халықаралық жеке құқықтың қайнар көздері ретінде көпжақты конвенциялар ерекше орын алады. Халықаралық келісімшарттарды қабылдау- шетелдік элементпен күрделенген, халықаралық жеке құқықтың жеке құқықтық қатынастарды реттейтін бірыңғай құқықтық нормаларды шығару процесі. Бұл процесс ғылымда унификация деп аталады. . Унификация халықаралық дәрежеде модельді заңдарды қабылдаумен жүзеге асырылады. Халықаралық келісімдерді жасаумен халықаралық жеке құқықтың нормаларын унификациялауға маманданған халықаралық ұйымдар жасап шығарады. Ең алғашқы халықаралық ұйым Гаага конференциясы. 2004жылы Гаага конференциясының аясында 40 астам конвенция жасалынды:

- ✓ - Ажырасуды тану жөніндегі конвенция 1970ж;
- ✓ - Тауарлады халықаралық сатуда қолданылатын құқық туралы 1955ж конвенция;
- ✓ - Өсиет нысанына байланысты коллизиялар жөніндегі конвенция1961ж;
- ✓ - Азаматтық іс жүргізу жөніндегі 1954 жылғы конвенция.

✓ Қарастырылатын ұйымдарға, сонымен қатар БҰҰ Халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссия (ЮНСИТРАЛ). Бұл комиссия 1996 жылғы БҰҰ Бас Ассамблеясының қосымша органы ретінде құрылған. Ол өз қызметінің процесінде мынадай құжаттарды дайындады:

- 1974 жылғы Тауарларды халықаралық сату және сатып алу жөніндегі конвенция;
- 1978 жылғы Жүктерді теңізбен халықаралық тасымалдау туралы конвенция;
- 1991 жылғы Көлік терминалының халықаралық саудадағы операторлардың жауапкершілігі туралы конвенция.

□ Халықаралық жеке құқықты унификациялау процесінде халықаралық экономикалық қатынастар саласында Халықаралық сауда палатасы ерекше орын алады. Халықаралық сауда палатасының маңызы- оның әдет- ғұрыптарды биресми кодификациясын жүргізуінде. Халықаралық үкіметаралық ұйым бола отырып, Халықаралық сауда палатасы унификацияланған ережелерден тұратын көптеген жинақтар жасап шығарады. Унификацияға қарағанда гармонизация әртүрлі мемлекеттердің құқықтарын жақындату процесін жүзеге асырады. Көптеген ілімде гармонизация төтенше және белгілі бір мақсатқа негізделген болып бөлінеді. Бірінші жағдайда, гармонизация мемлекетке шетел құқығын мәжбүрлеп орындату жолымен жүзеге асырылады. Екінші жағдайда, рецепция жолымен жүзеге асырылады, әр түрлі мемлекеттердің құқықтық жүйесін жақындастыру мақсатында бір мемлекеттің екінші мемлекеттен құқықтық нормаларының белгілі бір жүйесін алуы. Сонымен қатар, біржақты және өзара гармонизацияны ажыратамыз. Біржақты гармонизациядегеніміз- бір мемлекеттің өзінің құқығын басқа мемлекеттің құқығына икемдеуі. Мысалы, Белгиядағы Францияның 1804 жылғы Азаматтық кодекстің таралуы (Наполеон кодексі). Өзара гармонизациядегеніміз- бірнеше мемлекеттің халықаралық типтік заңдарды қолдана отырып, бірдей нормалардан тұратын құқықтық актілерді қабылдау.

# Ішкі заңнамалар

Ішкі заңнама-бұл мемлекеттің ең маңызды қайнар көздерінің бірі болып табылады. Ішкі заңнаманы халықаралық жеке құқықтың қайнар көзі ретінде сипаттама берсек, ТМД -да басқа мемлекеттерге қарағанда мысалы, Австрия, Венгрия,Туркия, Швейцарияда, халықаралық жеке құқықтың мәселесін қарастыратын арнайы заң қабылданбаған, тек осы саланы қарастыратын нормалардан тұратын заң актілері бар.

Жалпы түсінік (сапаны бағалау, мазмұнды орнату және шетел құқығының әрекет ету аясы, кері сілтеме және т.б.);

Осы кешенді заңдар 3 бөлімнен тұрады:

Халықаралық азаматтық іс жүргізу құқығы мәселесі (халықаралық жеке құқықта тиісті істі қарағанда соттардың компетенциясы және басқа да мемлекет органдары, шетел азаматтарының және заңды тұлғаларының процессуалдық құқығы, шетел сот шешімін тану және орындау және т.б.).

Кең аядағы қатынаста қолданылатын құқықтың анықтамасы (азаматтық, отбасы, еңбек құқығы саласында);

# Әдет ғұрып.

- Әдет ғұрыпдегеніміз – құқық нормасы ретінде танылған, ортақ тәжірибе болып табылады. Халықаралық жеке құқықта халықаралық сауда әдет ғұрыптар, іскерлік айналым әдет ғұрпы және теңізде жүзу әдет ғұрпы үлкен роль атқарады. СИФ халықаралық сауда терминдерін талқылауға байланысты халықаралық ереже (ИНКОТЕРМС), аккредетив және инкассо бойынша унификацияланған ережелер және т.б.қолданады. Барлық осы актілердің нормативтік сипаты жоқ, бірақ құқықтың қайнар көзі болып табылады. Халықаралық сауда тәжірибесінде егер, шарт негізінде дау туындаса қабылданған әдет-ғұрыпты арбитраждық сот қолданады.

Халықаралық әдет ғұрыпты *lex mercatoria* (халықаралық коммерциялық құқық, трансұлттық сауда құқығы, халықаралық комерсанттар бірлестігі құқығы) түсінігімен байланыстырады. Халықаралық коммерциялық құқықтың түсінігі дегеніміз, сыртқы экономикалық қызметті мелекеттік емес жүйемен реттеу болып табылады. Сонымен қатар, бұл жүйені " жұмсақ, икемді " құқық деп атайды (норма ұсыныстық сипатта болады). *lex mercatoria* – сыртқы сауда мәселесі бойынша халықаралық ұйымның резолюциясы – ұсыныс болып табылады. (жеткізудің жалпы ережесі, шарт – формуляры, қосылу шарты, типтік шарттар, типтік регламенттер). Халықаралық коммерциялық құқықтың маңызды ролін, ДСҰ, ХКО, ЮНСИТРАЛ және басқада ұйымдар атқарады.

# Халықаралық жеке құқықта ілім

- Ілім дегеніміз – мемлекеттік және халықаралық деңгейде ресми танылған ғалымдардың пікірлері. Қазіргі уақытта халықаралық жеке құқық ілімдері унификациялау мен үйлестіру үшін қолданылады.